

Сарсенова Ә.Б.
**Еңбек нарығында ЖОО
түлектерінің бәсекеге
қабілеттілігі ұғымының
теориялық-әдістемелік тәсілі**

Sarsenova A.B.
**Theoretical and methodological
approaches to the concept of
competitiveness of graduates in
the labor market**

Сарсенова А.Б.
**Теоретико-методологические
подходы к понятию конкурен-
тоспособности выпускников
вузов на рынке труда**

Бәсекеге қабілеттілік процесінің қалыптасуы кадрларды дайындау, бәсекеге қабілетті түлектер санын арттыру мәселесімен тығыз байланысты. Жаңа экономикаға өту кезеңі ең алдымен білім беру қызметінің нарығы қаншалықты ұйымдастырылғанына және мамандарды дайындау сапасының деңгейіне тікелей қатысты. Сол себепті еліміздің ертеңгі кадрлық резерві болып есептелетін бәсекеге қабілетті түлектің қалыптасуын зерттеу маңызды болып табылады.

Мақалада еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті жоғары оқу орны түлегі ұғымына жан-жақты теориялық-әдістемелік талдау жасалынып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлектерді қалыптастырудың теориялық-әдістемелік концепциялардың мүмкіндіктері, бағалау көрсеткіштері көрсетілді. Бәсекеге қабілетті маманның қалыптасу процесінің кезеңдері жан-жақты қарастырылып, түлектердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеру мақсатында білім беру жүйесінің орнын түсіндіріп, оқу үрдісін дамыту жөнінде бірнеше ұсыныстар келтіріледі.

Түйін сөздер: бәсекелестік, бәсекеге қабілетті түлек, жоғары білім беру жүйесі, еңбек нарығы.

The process of formation of competitiveness is closely linked to the problem of training, increase the competitiveness of graduates. The transition to a market economy, associated with the emergence of many problems. One of them - the position of graduates in the labor market. Transition to the new economy depends on how effectively and efficiently organized market of educational services, what is the level of trained quality and what the interaction of the market with the labor market. In terms of socio-economic transformation of society graduates of university having a diploma of higher education, are often not in demand in the labor market. In today market conditions, a young professional (graduate) after graduating from the University faces the challenge of fierce market competition for available jobs. Only qualified, experienced staff able to carry out modernization of Kazakhstan's economy at a high level. In this regard, the study of competitiveness of graduates as future human reserves today is the actual problem of the country.

In this article the theoretical and methodological analysis of the interpretation of the competitiveness of graduates in the labor market, shows the theoretical and methodological concepts of formation and increase the competitiveness of graduates in the labor market, assessment of the odds and indicators. The processes of creation and the stages of formation of the competitive expert, in order to increase the competitiveness of graduates were offered recommendations for the development of the educational process.

Key words: competitiveness, competitive graduates, higher education, labour market.

Процесс формирования конкурентоспособности тесно связан с проблемой подготовки кадров, повышением конкурентоспособности выпускников. Этап перехода к новой экономике зависит от того, насколько действенно и эффективно организован рынок образовательных услуг, каков уровень качества подготовленных специалистов и каково взаимодействие данного рынка с рынком труда. В связи с этим изучение конкурентоспособности выпускников вузов как будущих кадровых резервов страны на сегодняшний день является актуальной проблемой.

В данной статье делается теоретико-методологический анализ к трактовке конкурентоспособности выпускников на рынке труда, показаны возможности теоретико-методологических концепций формирования и наращивания конкурентоспособности выпускников на рынке труда, оценка показателей. Рассматриваются процессы создания и этапы становления конкурентоспособного специалиста, в целях повышения уровня конкурентоспособного выпускника поясняется место системы высшего образования, по развитию учебного процесса с целью повышения уровня конкурентоспособности выпускников вузов были предложены рекомендации.

Ключевые слова: конкурентность, конкурентоспособность выпускников, система высшего образования, рынок труда.

**ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА
ЖОО ТҮЛЕКТЕРІНІҢ
БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІЛІГІ
ҰҒЫМЫНЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ-
ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛІ**

Кіріспе

Нарықтық экономикаға өту кезеңі көптеген мәселелердің туындауымен сипатталады. Солардың бірі еңбек нарығында жоғары оқу орны түлектерінің жағдайы. Яғни, бұл жоғары білім алған, интеллектуалды еңбек етуге мақсат еткен 21-29 жас аралығындағы жастар. Әлеуметтік-экономикалық трансформация, жаңа мемлекеттік әлеуметтік саясат жағдайы жоғары оқу орны жүйесінде өзгерістердің пайда болуына, сонымен қатар көп жағдайда еңбек нарығында жоғары кәсіби дипломы бар ЖОО түлектері сұранымсыз болып қалу жағдайларына алып келді. Себебі, қазіргі еңбек нарығы бәсекеге қабілетті ЖОО түлегіне өз талаптарын қояды. Бәсекелестік жағдайында қажетті деңгейде әлеуметтік және кәсіби тәжірибенің болмауы салдарынан, олар әлсіз қорғалған әлеуметтік топқа айналып, жұмысқа орналасу процесінде қиындықтармен кездесіп жатады. Бұл жағдай, бізге белгілі еңбек нарығының сұранысы мен жоғары білім беру жүйесінің арасындағы алшақтықпен, оғаш болуымен түсіндірілсе, екінші жағынан ұйымдар бойынша түлектерді үлестіру механизмінің жоқ болуымен түсіндіріледі. Осындай жағдайдың құрбаны жастар болып тобылады.

Қазіргі нарық жағдайында жас маман (түлектер) ЖОО аяқтағаннан кейін еңбек нарығында қатаң нырықтық бәсеке мәселесімен кездесіп жатады. Еңбек нарығында жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың билігіне жас маман өзінің еңбекке потенциалды қабілеттілігін жүзеге асыруы қажет, яғни еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы керек.

Бұндай мәселелердің жан-жақтылығы Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында сипатталады. Бағдарламада «жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуге, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады» деп көрсетілген. Яғни, өз мамандығын еркін меңгерген, әлемдік стандарттар деңгейінде мамандығы бойынша жұмыс істеуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлауда жоғары оқу орындары маңызды рөл атқарады.

Бәсекеге қабілетті жұмысшыларды жұмысқа алу қазіргі өндіріс орындарының басты талаптары болып табылады. Түлектердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың кешенді әдісінің жоқ болуы салдарынан аталмыш проблеманы жеткілікті деңгейде зерттеу өзекті болып отыр. Мақалада осы мәселерді толығымен қамту мүмкін болмағанымен, бәсекеге қабілетті маманның теориялық-методологиялық аспектілерін қарастыруға талпыныс жасалады.

Жоғары білікті бәсекеге қабілетті маман бар болған кезде ғана кез-келген жұмыс орнының бәсекеге қабілеттіліктің тиісті деңгейіне жетуі мүмкін. Тек, кәсіби білікті, тәжірибелі кадрлар ғана еліміздің экономикалық өсуін жоғары деңгейге жеткізуі сөзсіз.

ЖОО түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін зерттеудің әдістемелік тәсілдері

«Бәсекеге қабілетті жас маман» сияқты ұғым ұзақ уақыт бойы жеткілікті деңгейде зерттелмеген категория болып табылады. Білім беру инвестициясының маңызды түрі яғни, адамның белгілі бір қызметке бәсекеге қабілеттілігін талқылауда ең алдымен білімділігінен байқаймыз. Осы мәселелер адам капиталы теориясын негізін салушылар Г. Беккер және Т. Шульцтің еңбектерінде тұжырымдалып, дәлелденді. Адам капитал теориясы «бәсекеге қабілетті ЖОО түлегі» ұғымының мәнін қарастыруда негіз болды, себебі аталмыш теория білім беруді қоғамның бәсекеге қабілетті өндіргіш күшінің дамуының және қалыптасуының негізгі факторы есебінде қарастырды.

Жоғары білім берудің басым бағыты, білімнің, дағдылардың және қабілеттердің дамуы, олардың мерзімді жаңарып отыру қажеттіліктері туралы көзқарастар М. Блауга, Э. Лэзера, Р. Лэйарда, Дж. Минцера, Ш. Розена, Ф. Уэлча, Струмилин С.Г. және т.б. еңбектерінде кездеседі. Олармен жоғары білімі бар мамандары дайындау – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді деген қағида негізге алынды. Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетті маманға, жұмыс күшіне әсер ететін факторларды талдау ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты. Олар: Радаев В.В., Добрынин А.И., Дмитриева Ю.А., Емельянова М.С., Жучков В.М., Кара А.Н., Митина және т.б.

Бәсекеге қабілетті маманның қалыптасу үрдістерін қарастырған зерттеуші-ғалымдардың көзқарастарын талдауға көшейік.

Ю.Н. Касимова өз зерттеуінде бәсекеге қабілетті маманның пайда болу кезеңдерін: «бәсекеге қабілетті түлек» – «бәсекеге қабілетті жас маман» – «бәсекеге қабілетті маман (жұмысшы)» деп қарастыруды ұсынады.

Яғни, Ю.Н. Касимова бәсекеге қабілетті маманның қалыптасу процесін 3 кезеңге бөліп қарастырады:

1. «Бәсекеге қабілетті түлек» – ЖОО арнайы бағытының талаптарына сәйкес, студентті ЖОО-да дайындау. Маманды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті етіп дайындау қажет.

2. «Бәсекеге қабілетті жас маман» – түлектің жұмысқа орналасуы және жас маманға айналуы, яғни ЖОО-да алған білімі мен шеберлігі, дағдыларын көрсете алатын жаңа еңбек жолын бастаған индивид.

3. «Бәсекеге қабілетті маман (жұмысшы)» – жас маманның бәсекеге қабілетті маманға өту кезеңі (қосымша білім алу, өзін-өзі жетілдіру) [1, 26-27 бб.].

Ресей зерттеушілері Л.Г. Миляева мен О.В. Борисова өз зерттеулерінде еңбек нарығында бәсекеге қабілетті ЖОО түлектерінің бәсекелестік күресте жұмыс орнына басқа үміткерлер арасында жеңіп алу қабілеттілігімен анықтайды. Яғни, жұмыс берушінің субъективті талаптарына (диплом қосымшасындағы бағалар мен тұлғалық сапалар) жеке, кәсіби сипаттамаларына, сонымен бірге жұмыс орнының талаптарына (біліктілік параметрлері) сәйкес келуі. Сонымен қоса, жоғары жалақысы, кәсіби қызметте сұранысқа ие болатын «жақсы» жұмыс орнына деген бәсекелестік жағдайын алып қарастырады [2].

Г.Н. Жуков бойынша, бәсекеге қабілетті түлек жұмыс берушінің нақты талаптарын анықтайтын кәсіби құзыреттілікті меңгерген, болашақ кәсіби қызметіне өзінің дайын болуын көрсететін интегративті көрсеткішімен түсіндіреді [3, 7-9 бб.]. Түлектердің кәсіби қызметіне дайындығы ЖОО-да оқу барысында меңгерген тек кәсіби құзыреттіліктің жиынтығымен түсіндірілмейді, ол сонымен бірге қажетті жеке кәсіби сапалар, қарым-қатынастың жалпы мәдениетімен, азаматтық кемелдену мен өз еңбегіне деген жауапкершілікті сезінумен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, С.В. Рачина бәсекеге қабілеттіліктің басты ерекшелігі объективті және субъективті факторлар бойынша жұмыс орнына бәсекелестік күрес жолында дайындығы болып табылады деп есептейді [4, 23 б.].

А.Н. Кара өзінің зерттеуінде бәсекеге қабілетті маманның мәні оның мотивациялық, біліктілік, жеке және іскерлік сапалардың бірлігінде

деп түсіндіреді. Зерттеушінің пікірінше, бұл сапалар жұмыс берушінің талаптарына сәйкес келетін теориялық дайындықтың жоғары деңгейін, тәжірибелік дағдыларды меңгеруді қамтамасыз етеді, сонымен қатар жылдам бейімделу ептілігін білдіреді [5, 36-45 бб.]. Жоғарыда аталған ғалымдар сияқты жан және дене күштерінің үйлесімділігі қажет деп есептейді.

Ю.А. Дмитриева: «ЖОО түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі – сапалы жұмыс орындарына үміттену (талаптану) мүмкіндігі мен еңбек нарығында басқа да субъектілермен салыстырғанда бәсекелестікке төтеп бере алатын жағдайлар-

мен анықталады» деп түсіндіреді [6, 12 б.]. Яғни, еңбек нарығында жұмыс беруші үшін ЖОО түлектерінің сапалық қасиеттердің жиынтығы маңызды болып келеді, демек бәсекеге қабілетті маман бәсекелестік күресте басқа қатысушылар меңгермеген біліктілік пен шеберлікті меңгеруімен сипатталады.

А.А. Борисова ЖОО түлектердің бәсекеге қабілеттілігінің әдістемелік аппаратын бағалауды қарастырады. Ол бірнеше авторлардың жұмыстарын талдай отырып, бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау үшін элементтер құрамын келтіреді (1-кесте) [7, 33-34 бб.].

1-кесте – А.А. Борисова авторлардың жұмыстарын талдау негізінде бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау үшін элементтер құрамы

Автор	Бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау көрсеткіштері
Сотникова С. И.	Дене сипаттамасының көрсеткіштері Кеңейтілген сипаттамалардың көрсеткіші (психомотивациялық) Негізі сипаттамалардың көрсеткіші (кәсіби-біліктілік) Еңбектің функциялық сапа көрсеткіші Мәдени-коммуникациялық потенциалдың көрсеткіші
Магура М.М.	Іскерлік сапалар, басқару стилі және жұмыс мінез-құлқы Орындайтын жұмыстардың күрделілігі мен жауапкершілігі Кәсіби дайындық деңгейі Бедел Ұжым жұмысының нәтижесі
Соколова В.Е.	Психофизиологиялық көрсеткіштер (денсаулық, жұмыс істеуге қабілеттілік және т.б.) Демографиялық көрсеткіштер (жыныс, жас, отбасылық жағдай) Әлеуметтік көрсеткіштер (құндылықтар, мақсаттар) Біліктілік Құзыреттілік
Вирина И.В. Волкова Н.В.	Кәсіби сапалар Жеке тұлғалық сапалар Жұмыс күші сапасының негізгі параметрлері Қызметтік спецификасымен негізделетін спецификалық параметрлер ЖОО түлегінің білім деңгейі Еңбек қызметінде бейімделу кезеңіндегі кәсіби өсудің мотивациясы Біліктілік, мамандығы бойынша еңбек өтілімі және кәсіби қызметін бағалау уақытысындағы жасы
Кусакина О. Н.	Ұйымның өзінің бәсекеге қабілеттілігі Іскерлік сапалар Интеллигенттілік Коммуникабельділік Ұйымдастырушылық Жас, денсаулық
Антошкин А.В.	Жұмысбастылық Инновациялық потенциал көрсеткіштері Кіріс өлшемі Жұмыс уақытысын пайдалану Жұмыс күшінің сапасы Денсаулық Қауіпсіздік

Т.В. Колгурианың пікірінше, маманның бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен оның өзінің еңбек мүмкіндіктерін және өзін көрсете білу қабілеттілігі, сонымен қатар нарықтық жағдайдың өзгеруіне бейімделу деп түсіндіреді. Жас маманның құзыреттілікті меңгеру керектігін ол теріске шығарады [8]. Ал И.А. Федотов керісінші, жас маманда жеке тұлғалық бағыттылық, кәсібилілік, ойлау икемділігі сияқты қасиеттердің болу керектігін көрсетеді. [9, 64-66 бб.]. Оның пікірінше, дәл осы сапалар бәсекелестік заманда өзін жетілдіруге көп септігін тигізеді деп есептейді.

Жас маманның бәсекеге қабілеттілік мәселесін шешудің бір жолы – білім беру процесінде профессионализм мен универсализмнің бірігу нәтижесінде, білім алушылардың мақсатты бағытталғын кешенді жеке қажеттіліктерін дамыту. А.В. Ковалевтің «Болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін дамыту – кәсіби білім беру сапысының кепілдігі» атты еңбегінде аталмыш мәселені шешудің жолы ретінде полипрофессионализм идеясын ұсынады. Автор бәсекеге қабілеттіліктің методологиялық шарттарын ұсынып, түлектерді сапалы дайындауда бағалаудың негізгі критерилерін анықтайды:

- өз мамандығына сәйкес жұмыс орнында бейімделу үшін түлектерге қажетті уақыт мөлшері;
- өз мамандығына ұқсас мамандықтар саны, яғни түлек басқа мамандықты меңгеруге күшпен уақыт жұмсамай жұмыс жасай алуы.

Ұсынылған критерилерден білім берудің полипрофессионализмі (ұқсас мамандықтар) жас маманның кәсіби бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететінін байқауға болады. Яғни, профессионализм мен универсализмнің оңтайлы үлесуі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлекті, ал ЖОО – өндіруші нарығында білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады.

Сонымен қатар, А.В. Ковалев бәсекеге қабілетті болашақ маманды бағалаудың бірден-бір жолы ретінде академиялық білімі, кәсіби дағдысы мен үміткердің біліктілігі туралы толық ақпарат беретін түлектің жеке кәсіби жетістіктерінің портфолиосын пайдалануды ұсынады. Портфолио кәсіби іріктеу жүргізуге және маманға өзінің кәсіби және академиялық құзыреттілігіне сәйкес келетін жұмыс орнын таңдауға көп септігін тигізеді [10].

Экономикалық көзқарас бойынша, егерде жас маманды еңбек нарығында тауар ретінде қарастыратын болсақ, ол бәсекеге қабілетті, яғни сапасы, безендірілуі және жарнамасы жақсы болуы қажет. Сонымен қатар, бәсекеге қабілет-

ті маман кәсіби және өмірдің басқа салаларында табысқа жетумен сипатталады. Кез келген салада табысты қызметтің басты психологиялық жағдайы ол өзінің біліміне, қойылған мақсаттарға жетудегі өз-өзіне сенімділігі болып табылады. Өзін болашақ кәсіби маман ретінде сенімділікті орнату үшін басты бағыттар болып мыналар табылады:

- Кәсіби шеберлікті меңгеру және жүзеге асыру;
- Адами қарым-қатынастың түрлі жағдайында бара-бар мінез-құлық;

Жеке имиджі үшін қолайлы сыртқы келбетін жасау [11].

Зерттеушілердің көзқарастарын талдау негізінде, мынадай қорытынды жасауға болады, «бәсекеге қабілетті түлек» кәсіби және жеке қасиеттерді қамтитын, нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы еңбек нарығында жақсы жұмыс орнына орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, жұмыс берушінің белгіленген критерилеріне сәйкес құзыреттілікті меңгерген индивидті білдіреді.

Бәсекеге қабілетті маманның қалыптасу процесіндегі жоғары білім беру жүйесінің ролі

Бәсекеге қабілетті маманның қалыптасу процесі бұл ең алдымен бәсекеге қабілетті түлектің қалыптасуынан басталады. Сол себепті, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру процесінде маңызды рөлге жоғарыда атап өткеніміздей жоғары білім беру жүйесі ие. ЖОО бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың басты көрсеткіші ол еңбек нарығында түлектердің сұранысқа ие болу деңгейі болып табылады. Еліміздің экономикалық өсуіне тікелей әсер ететін басты фактордың бірі жоғары білікті кадрлардың бар болуы, сонымен қатар мемлекеттің осы кадрларды тек қана ұдайы өндіріп қана қоймай және «зиялылардың жылыстауын» болдырмау үшін, оларды дұрыс қолдана білу. Білім берудің жоғары деңгейі – еліміздің бәсекелестік қабілетін арттыру жолында басты құрал болып табылады. Атап айтқанда, ЖОО-да теориялық білімнің, адамгершілік жеке сипаттамалардың, мінез-құлық үлгісінің қалыптасуы жүзеге асады, оқу, өндірістік, диплом алды тәжірибелердің өтуі нәтижесінде практикалық тәжірибенің қызметі пайда болады.

С.Н. Широбоков өзінің «Бәсекеге қабілетті маманды дайындау сапасыны бағалау: АҚШ тәжірибесі» атты ғылыми мақаласында жоғары мектептің басты міндетін анықтайды. Ол: құзыретті, икемді, бәсекеге қабілетті маманды дайындау. Осы мәселені шешу мақсатында автор

бәсекеге қабілетті маманды дайындауда негізгі бағыттарды келтіреді: кәсіби білім, коммуникативті мәдениет, кәсіби өсуге ұмтылу, рефлексияға қабілеттілігі. Автор жұмысында мамандарды дайындау сапасын бағалауда диагностикалық әдістер жүйесін, соның ішінде аралық және қорытынды бақылау жүйесін жетілдіру қажеттілігін белгілейді. С.Н. Широбоков американдық жоғары оқу орындарында ресми мақұлданған және бәсекеге қабілетті маманды дайындау сапасын бағалау әдісі ретінде бірнеше әдістерді ұсынады. Олар: эссе, еркін дебаттар, миға шабуыл, презентация және т.б. Ұсынылған әдістердің ерекшелігі ол студентті өзінің әлсіз және мықты жақтарын объективті бағалауға бағытталғандығында деп түсіндіреді [12].

Ол өз зерттеуінің нәтижесі бойынша американдық студенттер үшін бәсекеге қабілетті маман – ол әртүрлі әдістерді пайдалана отырып, кез-келген тапсырманы орындауға және жылдам өзгеретін жағдайларда мақсатқа жетуге қабілетті маман, ал неміс студенттері үшін бәсекеге қабілетті маман – ол ең алдымен жаңа технологияларға тез бейімделетін қажетті маман екенін анықтайды [13].

Жоғары білімді мамандарды дайындау процесі кез келген басқа да процестер сияқты басқаруды мұқтаж етеді. Бүгінгі күні жоғары білім беру мекемелерін басқаруы еңбек нарығының сұранысана бағытталмай, талапкерлер санының сұранысына мөлшерлеме жасайтыны белгілі. Бұл мәселе жаппай бәсекеге қабілетсіз мамандардың өсуіне әкеледі, сонымен қатар оқу орнының өзінің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Нарықтық экономиканың түрлі қажеттіліктерінің ішінде ең алдымен интеллектуалды, мәдени, дене және адамгершілік даму қажеттіліктері, сонымен қатар жеке ұйымдардың және қоғамның жоғары білікті жұмыс күшіне қажеттілігі қызықтырады.

Жоғары оқу орындары осы қажеттіліктерді қанағаттандыруда, сапалы маманды даярлауда білім беру қызметінің сапасы басты орын алады. ЖОО жоғары білімнің сапасы көптеген параметрлермен анықталады. Олардың ішінде: профессор-оқытушылар құрамының біліктілік деңгейі; материалдық-техникалық және әлеуметтік-мәдени базалардың даму деңгейі; сабақ өту, беру сапасы; білім беру бағдарламаларының тиімді әзірленуі; білім алушылардың мотивациясының болуы; оқытудың инновациялық сипаты және т.б. Бұл параметрлер жоғары оқу орының ішкі ортасын құрайды.

Ал сыртқы ортада өмір сүретін және білім беру процесінің жетілдіруіне бағытталған ЖОО мүмкіндіктері түрлі ұйымдар мен мекемелермен серіктестік қарым-қатынас жасаумен түсіндіріледі. Мысалы, «ЖОО-жұмыс беруші» қарым-қатынасы студенттердің өндірістік практикасын, оқытушылардың тағылымнамаларын біріге ұйымдастырудан, материалды-техникалық базаны және әлеуметтік-мәдени базаны және т.б. біріге дамытудан тұрады. «ЖОО-ЖОО» қатынасы біріге ғылыми шараларды өткізуге, оқыту бағдарламаларымен алмасуды қамтыса, ал «ЖОО-ҒЗИ» келісім-шарт негізінде ғылыми зерттеудерді өткізуді қамтиды.

Қазіргі кезеңде жеткілікті деңгейдегі бәсекеге қабілетті маманның қажетті дәрежеде қалыптаспау проблемасы кездесіп жатады. Ю.Н. Ковалева бәсекеге қабілетті маманның қажетті деңгейде қалыптаспауына төмендегідей проблемалар әсер етеді деп есептейді. Олар:

Материалды-техникалық базалардың, оқу-практикалық мүмкіндіктердің заманауи талаптарға сәйкес келмеуі.

Төмен жалақының болуынан жас және білікті кадрлардың жылыстауы.

Жоғары кәсіби мемлекеттік білім беру стандарттары бойынша мамандарды дайындау үшін оқулықтар мен оқу құралының төмен сапасы.

Елде дамып келе жатқан қолайсыз демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың болуы [14, 161-163 бб.].

Жоғары білімнің бар болуы емес, ал ЖОО-да алған білімдерді қолдана білу дағдысы болашақта жұмысқа орналасу және өзін-өзі жетілдірудің кепілдігі болады. Осы орайда, ЖОО-да түлектердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеру мақсатында оқу үрдісін дамыту жөнінде бірнеше ұсыныстарды келтіруге болады:

ЖОО түлектерінің құзыреттілігіне, жұмыс берушілердің релевантты талаптарына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларға түзетулер жасау және жүзеге асыру.

Оқу технологиялары мен әдістерін жетілдіруде жеке-бағытталған технологияларды, диалогты оқыту технологияларын, мәнмәтіндік оқыту технологиялары мен инновациялық оқыту технологияларын қолдануды талап етеді.

Жұмыс берушілердің талаптары бойынша бірнеше релевантты құзыреттіліктерді дамыту мақсатында студенттерді жобалық жұмыстарға тарту.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, ЖОО басшылығы тарапынан бақылау жүргізіп отыру.

Алайда, бәсекеге қабілетті маманды дайындауда тек қана ЖОО емес, сонымен қатар, мынадай субъектілерде араласады: мемлекет, еңбек нарығы (ұйымдар, кәсіпорындар) және индивидтің өзі. Әрбір субъектінің өзіндік мақсаты мен жеке мүдделері бар. Мысалы, ЖОО мақсаты – өз беделін көтере отырып жоғары деңгейде білікті мамандарды дайындау, талапкерлерді тарту. Еңбек нарығының (кәсіпорын) мақсаты – еңбек өнімділігін, қызметін тиімді көтеру мақсатында жоғары білімді мамандарды жалдау. Индивид мақсаты – жоғары білім алу, жеке мәртебесін нығайту, келешекте жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін бәсекелестік басымдықты өз бойында қалыптастыру [15, 131 б.].

Адамның еңбектік қызмет ету кезеңінде тек оқу, білімдердің жинақталуы емес, сонымен бірге белсенділік, креативтілік, еңбексүйгіштік, өзін-өзі жетілдіру сияқты сипаттамаларда алдыңғы орын алатынын ескерген жөн. Себебі, дәл осы қасиеттер көп жағдайда жұмыс орнының потенциалын дамытуға және кірісін өсіруге мүмкіндік береді.

Жастардың еңбек нарығында орны тұрақсыз болуының себебі, олардың жұмыс күшінің сапасы басқа жас категориясымен салыстырғанда бәсекелестікке төтеп бере алмауы. Сол себепті жас маманның өзіндік қасиеттерінің, ерік-жігердің, мақсаттылықтың маңызы зор.

Қорытынды

Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау дискурсты, нақты стратегиялық міндеттерді,

жоғары білім берудің интернационализация контекстіндегі қоғамдық-кәсіби сараптауды жетілдіру бойынша едәуір жағдайларды анықтауды талап ететін күрделі процесс. Бұндай анықтаулар көптеген жоғары оқу орындарына әлемдік рейтингтерде үздік болуға мүмкіндік береді.

Сонымен, бәсекелестікке қабілеттілік концепциясы ғылыми білімнің түрлі салаларының теориялық-қолданбалы зерттеулерінде кеңінен қолданылады. Әлеуметтік-экономикалық бағыт бәсекелестік күресте еңбек субъектісімен пайдаланылатын әртүрлі факторлардың әсерін ескеруге мүмкіндік береді. Білім алушының білім беру-карьералық траекторияларында кәсіби қалыптасуы мен жүзеге асыру процесін үлгілеу үшін, сонымен қатар еңбек нарығында түлектің бәсекелестік нәтижелігін зерттеу үшін мінез-құлықтық тәсілдің қолдануы жарамды. Жалпы, аталмыш тақырып бойынша ғылыми мазмұндағы әдеби дереккөздерге шолу жасау бәсекелестік, субъектілердің бәсекелестігі немесе нақтырақ айтсақ, қажетті деңгейде әлеуметтанулық көзқарастар, зерттеулер нәтижесіне сүйенген еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілік мәселесі түбегейлі қарастырылмағандығы жайлы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, нарықтық жағдайда отандық жоғары оқу орындарының қызметі, олардың рөлі мен еңбек нарығымен өзара әрекет ету механизмдеріне қатысты мәселелер даулы мәселелер болып қалып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Касимова Ю.Н. Методические аспекты формирования конкурентоспособности выпускников отраслевого вуза с учетом требований производства: дисс. на соиск. уч. ст. канд. экон. наук: 08.00.05 / – Екатеринбург, – 2015. – С 26-27.
- 2 Борисова О.В., Миляева Л.Г. Основные направления повышения конкурентоспособности выпускников вузов на рынке труда // Известия Иркутской государственной экономической академии. – 2009. – № 5 (67)
- 3 Жуков Г.Н. Конкурентоспособность учреждений профобразования // Профессиональное образование. – 2006. – № 2. – С. 7-9.
- 4 Рачина С.В. Профессиональное воспитание как средство формирования конкурентоспособного рабочего (на примере Республики Коми): автореф. дисс. на соиск. уч. ст. канд. пед. наук: 13.00.08 / Ин-т проф. техн. образ. РАО. – СПб., 1998. – 23 с.
- 5 Кара А.Н. Оценка конкурентоспособности специалистов на основе комплексной системы показателей // Международный журнал «Проблемы теории и практики управления». Официальное издание Международного научно-исследовательского института проблем управления. – 2011. – №7. – С. 36-45.
- 6 Дмитриева Ю.А. Повышение уровня конкурентоспособности выпускников вузов по специальности «управление персоналом» на рынке труда: автореф. дисс. на соиск. уч. ст. канд. экон. наук. – М., 2010.
- 7 Борисова А.А. Известия Иркутской государственной экономической академии. 2015. Т6., № 27. – С. 33-34.
- 8 Колгурина Т.В. Формирование конкурентоспособности студентов-выпускников вуза физической культуры: автореф. дис. на соиск. уч. ст. канд. пед. наук: 13.00.08. – СПб, 2003.
- 9 Федотов И.А. К вопросу о конкурентоспособности выпускника педвуза // становление творческой личности в условиях развивающей среды: повышение конкурентоспособности учащихся образовательных учреждений : сб. науч. тр. под ред. Штых И.В. – Балашов: Изд-во «Николаев», 2005. – С. 64-66.

- 10 Ковалев А.В. Развитие конкурентоспособности будущего специалиста – гарант качества профессионального образования. Электронды ресурс. Қолжетімді: URL: [www.edu2.meks-info.ru > tezis/520.doc](http://www.edu2.meks-info.ru/tezis/520.doc)
- 11 Козлов А.В. Конкурентоспособность выпускника вуза на рынке труда // Глобальный экономический кризис: реалии и пути преодоления: Сб. науч. статей. – СПб.: Институт бизнеса и права, 2009. Электронды ресурс. Қолжетімді: <http://www.ibl.ru/konf/031209/87.html>
- 12 Ширококов С.Н. Оценка качества подготовки конкурентоспособного специалиста: опыт США / С.Н. Ширококов Электронды ресурс. Қолжетімді: <http://www.prof.msu.ru/publ/epub/001.htm>.
- 13 Ширококов С.Н. Компаративный анализ отечественного и зарубежного опыта оценки качества подготовки конкурентоспособных и мобильных кадров: общественно-профессиональная экспертиза образовательных программ. Электронды ресурс. Қолжетімді: <http://expert-nica.ru/library/sbornik2013/IV%20part/Shirobokov%20SN.pdf>
- 14 Ковалева Ю.Н. Взаимодействие вузов и рынка труда как фактор формирования долгосрочных партнерских отношений / Материалы научно-практической конференции «Инструменты управления в инновационной экономике на основе системно-креативного подхода». – Екатеринбург: Издательство Уральского гуманитарного института, 2011. – С.161-163.
- 15 Дмитриев Н.М. Образовательные услуги высокодоходная отрасль экономики // Вестник Российской академии наук. – 2003. – № 2. – С. 131.

References

- 1 Kasimov J.N. Methodical aspects of formation of competitiveness of university graduates industry to meet the requirements of production: diss. on soisk. Ouch. Art. cand. ehkon. Sciences: 08.00.05 / Yekaterinburg. – 2015. S.26-27.
- 2 Borisova, O.V., Milyaeva L.G. Main directions of improving the competitiveness of college graduates in the labor market // Proceedings of the Irkutsk State Economic Academy. – 2009. – № 5 (67).
- 3 Zhukov G.N. Competitiveness institutions Prof. // Vocational Education. – 2006. – № 2. – С 7-9.
- 4 Rachina S.V. Professional education as a means to create a competitive working (for example, the Komi Republic): abstract. diss. on soisk. ouch. art. cand. ped. sciences: 13.00.08 / Inst prof. tehn. image. RAO. – SPb., 1998. – 23 p.
- 5 Kara A.N. Estimation of competitiveness of experts on the basis of an integrated system of indicators // International Journal of “Problems of management theory and practice.” The official publication of the International Research Institute of Control. – 2011. – №7. – S. 36-45.
- 6 Dmitrieva Y.A. Enhancing the competitiveness of graduates in the specialty “personnel management” in the labor market. Abstract of dissertation for the degree of candidate of economic sciences. – Moscow, 2010.
- 7 Borisova, A.A. Proceedings of the Irkutsk State Economic Academy. – 2015. T6, № 27, pp 33-34.
- 8 Kolgurina T. Formation of competitiveness of students-graduates of Physical Culture: Author. Dis. on soisk. Ouch. Art. cand. ped. Sciences: 13.00.08. – St. Petersburg, 2003.
- 9 Fedotov I.A. On the question of the competitiveness of the graduate teacher training University // Formation of the creative person in a developing environment: improving the competitiveness of students of educational institutions: Sat. scientific. tr. ed. Shtyh IV - Balashov: Publishing house “Nikolaev”, 2005. – P. 64-66.
- 10 Kovalev A.V. Development of the competitiveness of the future expert - Higher Education Quality Assurance. Electronic resource. Access: URL: [www.edu2.meks-info.ru> tezis / 520.doc](http://www.edu2.meks-info.ru/tezis/520.doc)
- 11 Kozlov A.V. The competitiveness of the graduates in the labor market // The global economic crisis: realities and ways to overcome: Coll. scientific. articles. – SPb. : Institute of Business and Law, 2009. Electronic resource. Access: <http://www.ibl.ru/konf/031209/87.html>
- 12 Shirobokov S.N. Assessment of quality of preparation of the competitive expert: the experience of the United States / S.N.Shirobokov electronic resources. Access: <http://www.prof.msu.ru/publ/epub/001.htm>.
- 13 Shirobokov S.N. Comparative analysis of domestic and foreign experience in assessing the quality of training competitive and mobile frame: public and professional expertise of educational programs. Electronic resource. Access: <http://expert-nica.ru/library/sbornik2013/IV%20part/Shirobokov%20SN.pdf>
- 14 Kovalev Y.N. Interaction between universities and the labor market as a factor in forming long-term partnerships / Proceedings of the conference “Management tools in the innovation economy based on a system-creative approach.” – Ekaterinburg: Publisher of the Ural Institute of Humanities, 2011. – S.161-163.
- 15 Dmitriev N.M. Educational services highly profitable sector of the economy // Herald of the Russian Academy of Sciences. – 2003. – № 2. – S. 131.